



EGEMEN QAZAQSTAN

Ко Ын: Поэзия – тарих музыкасы

Корей ұлттық ақыны Ко Ынның поэзиясы арқылы корей тарихы мен қоғамының орасан зор мозайкасы өрілді. Демократия үшін белсенді қозғалыстың мүшесі болған ол халық ақыны ретінде әлемге кеңінен танылған. Дауылпаз ақынның түрмеде туған еңбегі «Манинбо» (Он мың өмір) жинағында 5500 адамның есімі жазылған 4001 өлең бар. Азия елдері қаламгерлерінің тұңғыш форумына шақырылған Нобель сыйлығының номинантын аз-кем әңгімеге тарттық.



– Азия елдері қаламгерлерінің тұңғыш форумының елдер арасындағы әдеби-мәдени байланыстарды нығайтудағы маңызы қаншалықты?

– Осында келгенге дейін не сезіндім және келген соң не көргенімді қысқаша баяндап көрейін. Орталық Азия ежелден қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткерген. Дей тұрғанмен, асқақ даңқымен атағы шыққан жер. Көшпенділер жайлаған мекен болғаннан соң ба, көбі бұл аймақты қараусыз қалған деп ойлайды. Мемлекеттік хатшымен кездескенімде, Орталық Азияның қуатты құрлық екенін айттым. Әлденені жоғалттық деп қамкөңіл болғанымыздың түпкі мағынасы сол дүниені қайтарып алуымыз тиіс дегенге саяды. Қазіргі кезең әдебиет үшін Орталық Азия тарихына терең бойлауға қолайлы тұс. Тарихы әріден қалыптасқан құпиялы мекен. Көрнекті ғалым Әбу Әли ибн Синаның есімі мен еңбегі әлемге аян. Беріректе Абай бар. Олар өткен шақтың елесі емес, солар арқылы Орталық Азия өз-өзін танытуға, табуға күш-қуат алады. Нұр-Сұлтан сияқты Ұлы дала төсінде алып шаһарды

тұрғызу болашақтың кепілі. Әлем әдебиетінің ендігі мүмкіндіктері дәл бүгінгі қаламгерлер басқосуында шама-шарқынша айтылып жатыр.

– **Жиында Батыс өркениетінің ықпалы туралы кенінен сөз болды. «Батысқа бағдар ретінде қараудан бас тартуымыз керек» деген ойыңызды тарқата аласыз ба?**

– Батыс мемлекеттері аса ірі қолбасшы және мемлекет қайраткері болған Александр патшаның басқыншылығымен шығыс мәдениетін сіңірді. Біз де соншама жылдар бойы Батыс мәдениетін үлгі етіп келдік. Қазір осының барлығы шегіне жетіп болды. Бүгінде мыңжылдықтар бойы қалыптасқан дара жолы бар шығыс мәдениетіне, өз ішімізге үңілуіміз тиіс.

– **Сіздің өмір жолыңыз бен шығармашылығыңызға қатысты негізгі деректер белгілі. Бірақ сізден өзіңіз алғаш жаза бастаған 50-жылдардағы кезең туралы сұрасам деп едім. «Ертеңгі күннің әндері: өлеңдер 1960-2002» атты жинағыңызда «Нөл» идеясы туралы айтасыз. Корея тарихымен етене таныс емес біз үшін аталған идеяның неліктен кең тарағандығы жөнінде айтып бере аласыз ба?**

– Тілі бір, ділі бір Корея екіге бөлінгенде мен жасөспірім бала едім. Қанды соғыстың қиямет-қайымын көзіммен көре жүріп ержеттім. Майдан даласындағы қантөгістің ортасынан тірі қалдым. Сондағы бүліншілік өткен шақтағы құндылықтарды тып-типыл жойып жіберді, нөл болды. Сондықтан «нөлдік тұжырым» абстрактілі сөз емес, менің поэзиям осы нөлден басталды. Мен көрген қиындықтар артта қалды, қаным мен сүйегімде ғана қалды. Басымнан өткерген қайғы-қасірет жаным мен тәнімнің бір бөлігіне айналғандай, ол менің тынысымнан, әр сөзімнен, қимыл-әрекетімнен көрініп тұрады. Олардың барлығы қорытылып кетті, ондай болмаған күнде өмір сүруімнің өзі неғайбыл.

– **Ал будда монахы болып өткізген онжылдықтар несімен есте қалды?**

– Корей соғысының қуғын-сүргінінен соң тауға шығып, монах болып кеттім. Ғибадатхана маған баспана болды. Сондағы ұстазым болған Хебонгтың сүйемелдеуімен, ел-елді аралап, ұзақ сапарларға шықтық. Кейін мұның барлығы өмірлік тәжірибеме айналды. 1960-жылдары сәуір революциясы кезінде қалаға қайтып келдім.

– **Бір сұхбатыңызда корей халқын өте ақынжанды жұрт деп атайсыз. Осындай ортадан шыққан ақынның балалық шағы туралы да аз-кем естігіміз келеді.**

– Мұндағы айтпағым, азаттық жолында қиындықты көп көрген кез келген халық жаны тым сезімтал, жүректері жырға ғашық келеді. Мысалы, өзімнің әкем мен шешемнің, атам мен әжемнің, ағаларымның біреуінің де әдебиетке мысқалдай қатысы болған жоқ. Өткенге бір сәт көз салсам, олардың өмір сүруі, сөйлеуі, барлығы тұнған поэзия еді. Поэзия – тарих музыкасы. Балалық шағымда көп болған екі дүние бар: кедейшілік пен аспандағы жұлдыздар. Осы екі дүниені бала кезімде сан мәрте көрдім.

– **«Манинбо» (Он мың өмір) эпикалық шығарманы тудыру идеясы сіздің өміріңізді қалай өзгертті?**

– 1970-жылдары әскери диктаторлыққа қарсы шыққанымда төрт рет түрмеге қамалдым. Түрмеде өзімді жалғыз желкендей сезіндім. Мені тастай қараңғы, өте тар камерада ұстады. Сол түнді, сол уақытты әлі де жек көремін, өйткені мені бар асылымнан айырды. Осыдан аман қалар болсам, барлығын жазамын деп ойға алған сәтте-ақ менің кеудемде үміт оты тұтанды. Шетелдегі және өз елімдегі кей адамдардың ықпалымен екі жарым жылдан соң босап шықтым. Түрмеден шыққан соң 50 жасымда үйлендім. Осылайша өмір жолымда кезіккен адамдарды өлеңмен еске алып, біртіндеп қағазға түсіре бастадым. 25 жылдың ішінде 4001 өлең жазып шықтым. Сол жырлардың біразы ағылшын тіліне аударылып, әлемге таралды. Мұндағы әр өлеңнің өз тағдыры бар, әрбір өлең жеке адамға арналған, бұл стиль мен формада көп кездесетін нәрсе. Мен сыртқы форма құруға талпынбаймын, субъектінің өзі-ақ қалыбын табады.

– **Саналы ғұмырын авторитарлық жүйеге қарсы күресіп келген ақынның бүгінгі өмірі қалай өтіп жатыр?**

– Біз өзіміздің қарақан басымызды ғана ойлап өмір сүре алмаймыз. Жиырма жылдан астам уақыт күресіп келсем, қазір демалып жатырмын. Ал тірі тұрғанымда, жазуымды әсте тоқтатпаймын.

Әңгімелескен Ая ӨМІРТАЙ